

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімге қол қою туралы" Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 930 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімге қол қою туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасында Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру мәселелерін шешу кезіндегі өзара қатынастарды реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаевқа оған қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасында Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Жоба

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасында Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне

адамдарды тапсыру туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары,

Геноцид, адамзатқа қарсы және әскери қылмыс жасайтындарды сотқа тартудың маңыздылығын анықтай отырып,

оларды ресми адамдар, жұмыскерлер және басқа азаматтар жасағанына сендіретін Халықаралық Қылмыстық соттың заң құзыретіне жататын актілерді тергеуге және кудалауға Америка Құрама Штаттары өздерінің ниетін білдіргенін ескере отырып, мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Осы Келісім мақсатында "тұлға" деген ұғым осы тараптардың барлық адамдары және қазіргі немесе бұрынғы әскери қызметкерлері деп түсіндіріледі.

2. Басқа Тараптың аумағындағы бір Тарап, бірінші Тараптың жазбаша келісімінсіз:

а) қандай да бір мақсат үшін Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне тапсырылмайды немесе қандайда бір жолмен берілмейді, немесе б) басқа ұйымның немесе үшінші елдің билігіне тапсырылмайды немесе кез келген жолмен берілмейді немесе Халықаралық Қылмыстық Сот билігіне тапсыру немесе беру мақсатында кез келген үшінші елге жіберілмейді.

3. Егер Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасының адамын кез келген үшінші елдің билігіне жіберсе, тапсырса немесе басқа жолмен берсе, Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасының жазбаша келісімінсіз үшінші елдің Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне бұл тұлғаны тапсыруға немесе беруге келіспейді.

4. Егер Қазақстан Республикасы Америка Құрама Штаттарының адамын кез келген үшінші елдің билігіне жіберсе, тапсырса немесе басқа жолмен берсе, Қазақстан Республикасы Америка Құрама Штаттарының жазбаша келісімінсіз үшінші елдің Халықаралық Қылмыстық Соттың билігіне бұл тұлғаны тапсыруға немесе беруге келіспейді.

5. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамаларын ресімдеу арқылы осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6. Осы Келісімнің ережесін қолдану немесе талқылау кезіндегі даулар немесе келіспеушіліктер тараптар арасындағы кеңестер арқылы шешіледі және олардың реттеуші тараптары қандай да бір үшінші тарапқа немесе халықаралық сотқа жүгінуге болмайды.

7. Осы Келісім белгісіз бір мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді Тараптардың орындағандары туралы соңғы жазбаша хабарлама алысқаннан кейін күшіне енеді.

8. Тиісті жазбаша хабарлама жолдау бойынша Тараптардың біреуі арқылы осы Келісімнің күшінің жойылуы мүмкін. Бұл жағдайда, осы Келісім басқа Тараптан жазбаша хабарлама алғаннан кейін кемінде бір жылдан соң өзінің қолданылуын т о қ т а т а д ы .

9. 2003 жылдың "___" _____ қаласында, екі данада, әрқайсысы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.